

ТҮСІНІК ХАТ

Саясаттану курсының негізгі мақсаты оқушыларға саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау жасау дағдысын ұялату, саясат туралы қажетті білім беру, оқушылардың санасында ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету.

“Саясаттану және әлеуметтану негіздері” пәнін оқып білу оқушылардың саяси дүниетанымы мен саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, олардың Қазақстан Республикасы алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуына септігін тигізеді.

Пәннің міндеттері оқушыларды Қазақстандағы және одан тыс жерлерде жүріп жатқан саяси процесстерді ұғынуға және еркін бағдарлай алу ептілігіне тәрбиелеу.

Пәнді оқу нәтижесінде оқушы мынаны білуі қажет:

- саясаттың мәні, мүмкіндіктерін, шекараларын, келешегін және негізгі түрлерін;

- саяси биліктің мәнін, жүйесін, көздері мен функцияларын;

- саяси процестердің мәнін және саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың олардағы рөлін, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы саяси процестерді.

Саясаттануды оқып білу келесі оқу пәндерінен алынған білімдергі сүйенуі қажет: философия, әлеуметтану, экономия теориясы, құқық негіздері, тарих және дін тану, мәдениеттану, психология сияқты оқу пәндерімен қатар өтілуі қажет.

Қазіргі кезеңде саясаттануды оқытуда саясаттанудың өз алдына жеке оқу пәні екенін, оның рөлінің үздіксіз артып отырғанын есепке алу керек.

Пәнді оқытудағы жоспарланған нәтиже

Білім беру бағдарламасының жоспарланған стандарты бойынша құзыреті	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім нәтижесі
Пәнді оқу барысында білім алушылар бекітілген базалық нақты білімді білуі қажет: ББ 1. Қоғамда болып жатқан процесстер мен құбылыстардың түсіну; кәсіби міндеттерді орындау кезінде туындайтын проблемаларды шешуде қажетті әдістерді қолдана алуы.	Пәнді меңгеру барысында білім алушылар біледі: жеке тұлғаның ізгілік-құқықтық қасиеттерін тұрақты түрде қалыптастырудағы мораль және құқықтың ықпал етуін; қабілетті: негізгі әлеуметтік-саяси тұжырымдамаларды талдауға; дағды қалыптастырады: саяси-әлеуметтік әдістерін қолдану; құзырлы: құжаттарлы талдау, бақылау және эксперимент жүргізу барысында әдістерді пайдалануға
ББ 2. Саяси қарым-қатынастар мен процестерді (Қазақстанда және әлемде) анықтау және талдау, саяси бнлік мәнін анықтау. саяси субъектілердің рөлін анықтау;	біледі: билік және тағайындау, саяси бнлік субъектілерінің бнліктің легитимділігінің мәнін; қабілетті: саяси билік түрлерін, бнлік тармақтарын, бнліктің лсгитимділігін талдауға; дағды қалыптастырады: саяси билік субъектілерінің қызметтерін талдауға; құзырлы: -саяси қатынастар және процестерді анықтау және сәйкестендіру
ББ 3. Саяси жүйе және саяси режимдер туралы, олардың саяси мәнін түсінуге, мемлекеттердің түрін, Қазақстан Республикасының сыртқы, ішкі саясатының ерекшеліктерін және саяси партиялардың қызметтерін, әлеуметтік қозғалыстар мен қоғамдағы әлеуметтік факторларды ажырата білуге;	біледі: - Саяси жүйе мен саяси тәртіптің элементтері және қызметтерін; қабілетті: Саяси тәртіп пен саяси жүйенің түрлерін ажырата білуге; дағды қалыптастырады: Мемлекеттің бағдарламалау құжаттарына, жеке саяси партияларды талдауға; құзырлы: -Мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламаларын, партияның жарғысын пайдалана алуға;

БК 4. АКТ, электронды почта, интернетпен жұмыс арқылы ақпараттарды өңдеу, сақтай алуға;	біледі: - Ақпараттарды өңдеуде, сақтауда компьютерлік технологияларды, Интернеттен ақпараттарды іздеу әдісін; қабілетті: саясат туралы ақпараттарды іздеуге. сақтау, өңдеу; интернеттен керек ақпаратты таба алуға; дағды қалыптастырады: саясатты оқуда қол жетімді оқыту құралдарын пайдалана отырып білімді бақылау; құзырлы: интернеттен ақпаратты іздеуге; жеке тақырыпты зерттеу барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану
--	---

**«САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

Сабақ № № урока	Бөлімдер мен тақырыптардың аттары Наименование разделов и тем	Сағаттар саны Количество часов
1	Кіріспе. Саясаттану ғылым ретінде.	2
I бөлім. Саяси ғылымының пайда болуы және дамудың негізгі кезеңдері		
2	Әлемдік саяси ой-пікірлер тарихы	2
3	Қазақстандағы саяси ойлар тарихы	2
II бөлім. Саясаттану мен әлеуметтану қоғамдық ғылымдар ретінде		
4	Билік саяси феномен ретінде	2
5	Қоғамның саяси жүйесі	2
6	Мемлекет-саяси жүйенің басты элементі	2
7	Саяси режимдер	2
8	Саяси партиялар және партиялық жүйелер	2
9	Саяси элита және саяси көсемдік	2
10	Саяси сана және саяси идеология. Саяси мәдениет	2
11	Саяси қақтығыстар және әлеуметтік тәртіп	2
12	Саяси процесс және саяси іс-шаралар	2
13	Халықаралық қатынастар және мемлекеттің сыртқы саясаты	2
14	Әлеуметтану ғылым ретінде	2
15	Негізгі әлеуметтік түсініктер	2
16	Бақылау жұмысы	2
	Барлығы	32

«САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе. Саясаттану ғылым ретінде.

Саясаттану пәні және нысаны. Саясаттану саясат, билік, саяси жүйе, саяси құбылыстар туралы ғылым. Саясаттану пәнінің негізгі ұғымдары. Саясаттану пәнінің қызметтері мен әдіс-тәсілдері. Саяси ғылымның зерттеу саласындағы әлеуметтік, функционалдық, сыншыл-диалектикалық, логикалық, эмпирикалық тәсілдердің маңыздылығы. Саясаттанудың әлеуметтік, психологиялық, биосаяси, теологиялық және натуралисттік негігі парадигмалары. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі саясаттанудың алатын орны. Саяси ғылым мен іс-тәжірибе байланысы.

Саясаттану – қоғамдық құбылыс. «Саясат» терминнің мағынасы. Саясаттың шығу тегі. Билік саяси құбылыс ретінде. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларында саясаттың маңызы.

I Бөлім. Саясаттану ғылымының пайда болуы және дамудың негізгі кезеңдері.

1.1. Әлемдік саяси ой-пікірлер тарихы

Ежелгі Шығыстағы саяси ой (буддизм, конфуцийшілдік, даосизм, легизм). Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі саяси ойшылдар (Платон, Аристотель, Полибий, Цицерон). Ортағасырлық еуропадағы саяси ой-пікірлер (Марк Аврелий, Фома Аквинский, Мартин Лютер). Қайта өрлеу замандағы зайырлы саяси ойлар (Н.Макиавелли, Томас Мор). Еуропалық ағартушылық идеялар (Томас Гоббс, Джон Локк, Шарль Луи Монтескье, Жан Жак Руссо). XIX ғасырдағы еуропалық саяси ойлар. Утопиялық социализм саяси идеялау. Марксизм.

1.2. Қазақстандағы саяси ойлар тарихы.

Қазақ жерінде қоғамдық және саяси ойлардың қалыптасуы. Әл-Фарабидің мемлекет құрылысына көзқарасы. Жүсіп Балағұн, Қорқыт-Ата, Қода Ахмет Ясауилардың дүниетанымы. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ойшылдары (Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев). XX ғасырдың басындағы саяси ойлар.

Ә.Бөкейханов, С.Садуақасов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, Х.Досмұхаметов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, С.Қожанов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіровтердің саяси идеялары. Саяси ғылымның шетелдік және қазақстандық даму бағыттары.

II Бөлім. Саясаттану ғылымы мен әлеуметтану ғылымының қоғамдық ғылым ретінде.

2.1. Билік саяси феномен ретінде.

Билік ұғымы. Биліктің негізгі тұжырымдамалары. Саяси биліктің түсінігі және ерекшеліктері. Саяси биліктің түрлері. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғары түрі, ең дамыған түрі. Биліктің құрылымы: билік институттары, биліктің қызметтері, мен ресурстары. Қазақстандағы мемлекеттік билікті бөлу. Биліктің легитимділігі. Қоғамдағы саяси бәсекелестік және оппозицияның қажеттілігі. Қазақстан Республикасында билікпен оппозиция және олардың өзара әрекеттері.

2.2. Қоғамдағы саяси жүйе.

Саяси жүйе – биліктің өмір сүруі және оның қоғамдағы туындысы. Саяси жүйе теориялары. Д.Истон, Г.Алмонд, К.Дойч. қоғамның саяси жүйесі: ұғымы, құрылымы, бөлшектері. Саяси жүйенің институционалды, коммуникативті, мәдени саяси-құқықтық нормативтік анықтамалары. Саяси жүйенің әлеуметтену, бейімделу, сезіну, реттеу қызметтері. Д.Истонның, Г.Алмондтың және К.Дойчтың саяси жүйенің өлшем классификациясы мен теориялары. Дәстүрлік және қазіргі саяси жүйелер (өкілдік, модернистік және постмодернистік). Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің реформалық мәселелері және даму үрдістері (тенденциялары). Қазақстан Республикасының саяси-партиялық және сайлаушылық жүйенің даму проблемалары. Сайлау жүйесі.

2.3. Мемлекет – саяси жүйенің басты элементі.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізгі ядросы ретінде. Мемлекет: пайда болуы, мәні, нышаны, қызметі, мақсаты. Мемлекеттің типтері. Қазіргі заманғы мемлекет және оның ерекше белгілері. Азаматтық партиялық жүйе: ұғымы, классификациясы. қоғамның ұғымы.

Азаматтық қоғамның генезисі және эволюция идеялары. Азаматтық қоғамды кең және тар мағынасында түсіну. Құқықтық мемлекеттің ұғымы және оның ерекше нышандарын қарастыру. Азаматтық қоғамның құрылымына арнайы кесте жасау. Әлеуметтік мемлекеттің қызметі және демократиялық жаңа концепцияларды қарастыру. Қазақстандағы құқықтық мемлекеттің және азаматтық қоғамның қалыптасу проблемаларын анықтау.

2.4. Саяси режимдер.

Саяси режимнің ұғымы мен элементтері. Саяси режимнің типтері. Тоталитаризм және оның әр түлігі. Диктатураның тарихи формалары. Тоталитарлық жүйенің формалары. Тоталитарлық режимнің саяси тәжірибесі. Тоталитарлық режимнің негізгі белгілері. Авторитаризм: типологиялық формалары. Авторитарлық саяси режимнің тоталитаризмнен айырмашылығы. Авторитарлық саяси режимнің негізгі бағыты. Дәстүрлі шексіз монархия, олигархия және әскери тәртіп. Авторитаризмнен демократияға өту жолдары. Демократия және оның әр түрлігі формаларын анықтау. Демократияның қазіргі заман формалары. Демократиялану қазіргі кезеңде саяси ғылымның және тәжірибенің басты проблемалары.

2.5. Саяси партиялар және партиялық жүйелер.

Мүдделік топтар: ұғымы, қызметтері және түрлері. Қазақстандық лоббизм ерекшеліктері. Партиялардың типологиялық өлшемдері. Саяси партиялар ұғымы. Саяси партияның негізгі мақсаты, міндеті және қызметі. Саяси партиялардың генезистің кезеңдері. Партия түрлері. Партия түрлерінің өлшемдері. Партиялық жүйе: ұғымы, классификациясы. Саяси партиялардың қалыптасуы және мәні. Партиялық жүйелер: негізгі классификациясын анықтау. Қазақстан қоғамының саяси өміріндегі қоғамдық қозғалыстардың орны мен рөлін анықтау. Қоғамдық қозғалыстар және саяси партиялардың арасындағы өзара қарым-қатынас проблемалары.

2.6. Саяси элита және саяси көсемдік.

Саяси элита ұғымы. Элитаның классикалық қағидалары, оның қызметтері. Саяси элитаның қызмет ету факторлары. Саяси элитаның қызметтері: стратегиялық, ұйымдастырушылық, әсер етуші. Саяси элита классификациясы. Бюрократизм саяси феномен ретінде. Элита мен көсемдер саясаттың субъектісі. Саяси лидер

типологиясы. Классикалық және қазіргі заманның элита. Қазіргі Қазақстандағы саяси көсемдік институты және саяси элита сапасы. Қазіргі Қазақстандағы саяси көсемдік.

2.7. Саяси сана және саяси идеология.

Саяси сана мәні. Саяси сананың қалыптасу жолдары. Саяси-теориялық, мемлекеттік-партиялық және бұқаралық саяси сананың туындауы. Саяс сананың құрылымы. Қоғамдық пікірлер. Либерализм – Батыс әлемнің кең тараған маңызды ағымы. Консерватизм және неоконсерватизм. Қазіргі заманғы социал-демократияның әлеуметтік, саяси және экономикалық тұжырымдамалары. Коммунизм саяси ағым ретінде.

2.8. Саяси мәдениет.

Саясат және мәдениет. Саяси мәдениет ұғымы. Саяси мәдениет: қызметтері, концепциялар, құрылым элементтері. Саяси мәдениеттің қалыптасу субъектілері және факторлары. Саяси мәдениеттің құрылымдық элементтері: саяси сана, саяси тәрбие, саяси тәжірибе. Саяси мәдениет қызметтері: реттеушілік, әрекет етушілік, танымдық, жан-жақтылық, тәрбиелік т.б. қызметтері және оның саяси мәдениеттің қалыптасуындағы ролі. Саяси мәдениеттің типологиясы. Саяси мәдениеттің авторитарлық және демократиялық түрлері. Демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуы. Қазақстан Республикасында замануи саяси мәдениеттен у мен әлеуметтену мәселесіндегі мүмкіндіктер.

2.9. Саяси қақтығыстар және әлеуметтік тәртіп.

Қазіргі кездегі адамның саясаттағы ролі. Саяси қақтығыс ұғымы және мәні. Олардың типологиясы. Қақтығыстар мен дағдарыстарды шешу жолдары.

2.10. Саяси процесс және саяси іс-шаралар.

Саяси процесс ұғымы, мәні және негізгі мінездемесі. Саяси процесстің құрылымы. Саяси процесстің міндетті іс режимдері. Саяси процесстің сатылары. Саяси процесстің мазмұны және типологиясы. Сыртқы саяси және ішкі саяси процесстер. Ашық және жасырын саяси процесстер. Саяси процесс субъектілердің жалпы қызметі ретінде. Саяси мінез-құлық және оның формаларын анықтау. Әлеуметтік топтардың тосын мінез-құлқы. Саяси шешім: дайындау, әзірлеу және

жүзеге асыру. Саясатты анықтау және іске асыру саяси институттардың рөлі. Қазақстан Республикасындағы саяси процесс.

2.11. Халықаралық қатынастар және мемлекеттің сыртқы саясаты.

Дүниежүзілік саясаттың ұғымы мен мәні. Сыртқы саясат. Дипломатия. Халықаралық қатынастар дамуының қазіргі тенденциялары. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі бағыттары. Геосаясаттың негізгі элементтері және мәні. Қазіргі әлемнің геосаяси жағдайы. Қазақстан – әлемдік қоғамдастыққа мүдделі.

2.12. Әлеуметтану ғылым ретінде.

Әлеуметтану пәні және оқыту объектісі. «Әлеуметтік» ұғымы. Әлеуметтану құрылымы мен қызметтері. Әлеуметтік жағдай және теориялық әлеуметтану алғышарттары. О.Конт, Г.Спенсер – әлеуметтану ғылымының негізін салушылар. Ғылыми әлеуметтанудың классикалық түрі. Қоғам туралы Маркс пен Энгельстің материалистік теориясының негізгі принциптері. Америка Құрама Штаттарында әлеуметтану дамуының негізгі сатылары мен бағыттары. Қазақстандағы әлеуметтанудың қалыптасуы және дамуы.

РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақ ойшылдарының саяси ой-пікірлері
2. Демократиялық мемлекеттегі билік жүйесі
3. Қазақстандық отансүйгіштік – елдің кемелдене дамуы және гүлденуінің негізі
4. Қазақстанның саяси жүйесі
5. ҚР партиялары: тарихы мен бүгінгісі
6. Мемлекеттік тәуелсіздігі: даму тенденциялары
7. Саяси мәдениет: мәні мен түрлері
8. Қазақстандық саяси мәдениет ерекшелігі
9. Ұлттық сананың қалыптасуындағы діннің рөлі
10. Саяси мәдениет және ұлттық менталитет
11. Саяси дау-жанжалдардың мәні мен негізгі себептері
12. Саяси жетекшілік
13. Азаматтық қоғам идеясының даму кезеңдері.
14. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамдағы саяси үрдіс мәселесі мен сипаты
15. Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардағы мәселер
16. XX ғасырдағы геосаяси тұжырымдар
17. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты: тенденциялары мен проблемалары
18. Экстремизм мен терроризм: тарихы, сипаты, қауіптілігі

Қолданылған әдебиеттер

Негізгі әдебиет

1. [Рахымбаева, А. С.](#) Саясаттану (дәрістер жинағы): Оқу құралы. 3-басылым, толықт., өңд. 2016
2. Жүсіпова А. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы. - Алматы: Экономика баспасы, 2012
3. Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: оқу құралы. - Алматы: Дәуір, 2005.
4. Жүкешов Қ., Лактионова О., Бейсебекова Г. Адам. Қоғам. Құқық. – А., 2005
5. Күнқожаев Н.Р. Адам және қоғам. – А., 2004
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – А., 1998
7. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. – А., 2013
8. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. – А., 2015
9. Жамбылов Д.А. Саясаттану / Оқу құралы /. – А., 2008.
10. Отепова, Г. Е. Саясаттану бойынша дәрістер курсы: оқу құралы - Новое изд. - П: ИнЕУ, 2012.
11. Адам.Қоғам. Құқық. 11-сыныбына арналған оқулық. - Новое изд. – А., 2015
12. [Иманбаев М. Ө.](#) Саясаттану негіздері: оқу құралы - Доп. и перераб. изд. – А., Жеті жарғы, 2014
13. [Жакишева А. А.](#) Саяси мәдениет қоғамдық қатынастар жүйесінде: оқу-әдістемелік құрал – П., Focus, 2012
14. [Жакишева, А. А.](#) Саясаттану: тірек конспектісі - П : ИнЕУ, 2009

Қосымша әдебиет

1. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалары. – А., 1986.
2. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – А., 1985
3. Асанқайғы – дала данышпаны. Егемен Қазақстан. 1987. 28 қараша.
4. Аристотель. Политика. -1983.
5. Арон Р. Демократия и тоталитаризм. – М., 1993.
6. Аяганов Б. государство Казахстан: эволюция общественных систем. – А., 1993.

7. Әбсәттаров Р. Билік пен бедел. Қазақ әдебиеті, 1999. 7, 9, 15, 19, 26 ақпан
8. Джунусова Ж.Х. Президент. Институты демократии. – А., 1996.
9. Жамбылов Д.А. Саясаттану негіздері. – А., 1998
10. Саясаттануға кіріспе. 1, 2, 3 бөлім. – А., 1994.
11. Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. – А., 1999.
12. Назарбаева Д.Н. Демократизация политических систем стран СНГ. – А., 1998
13. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – А., 1996.